

**Қарағанды қаласы білім басқармасының Балқаш қаласы білім
бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

Өткізілген күні: 31.10.2025

Кеңес төрайымы: Г.Манатаева

Хатшы: Д.Кәкітай

Қатысқаны: 56 адам (тізімі қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

1. І тоқсан білім сапасының талдауы /үлгерім, ТЖБ және БЖБ орындалысы/
/М.Сахариева/
2. «Алтын белгі», үздік аттестатқа үміткерлерді анықтау
/М.Сахариева/
3. Білім мазмұнын жақсарту – білім сапасын арттыру кепілі. Баяндама.
/М.Сахариева/
4. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, 2-тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер
/ Г.Абил, Д.Мусаханова/
5. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқыту бойынша жұмыс
/Г.Балмагамбетова/

ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша мектеп директоры сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Сахариева сөз сөйледі. "Білім сапасына талдау" — бұл оқу процесінің нәтижелілігін, оқушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейін бағалау мен жетілдіру мақсатында жүргізілетін маңызды жұмыс. Қазіргі таңда қоғамның даму деңгейі білім сапасымен тікелей байланысты. Мемлекетіміздің стратегиялық мақсаттарының бірі —

бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетудің басты шарты – білім сапасын арттыру. Сондықтан әрбір педагог білім берудің мазмұнын жетілдіру, оқыту әдістерін жаңарту және оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Білім сапасы – бұл оқушылардың мемлекеттік білім стандартына сай білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейі және оны өмірде тиімді қолдана білу қабілеті. Білім сапасы келесі көрсеткіштер арқылы анықталады:

- Оқу үлгерімі мен оқу жетістіктерінің нәтижелері;
- Ұлттық және мектепшілік мониторинг көрсеткіштері;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттері;
- Тәрбиелік және әлеуметтік бейімделу деңгейі.

Нақты деректер мен қорытындыларға сүйене отырып, 2025-2026 жаңа оқу жылының I тоқсан білім сапасына тоқталып, оқушылар қозғалысы бойынша талдау жасап өтті. I тоқсанды 830 оқушымен аяқтадық. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 51 пайызды құрады. Өткен оқу жылының сапасы кейбір сыныптарда жоғары болса, 2025–2026 оқу жылының I тоқсанында бірқатар сыныптарда төмендеу байқалады. Әр буын бойынша білім сапаларына тоқталып, талдау жасап өтті. Білім сапасы төмен және жоғары сыныптар аталып, себептеріне талдау жасады. Бір пәннен үштік бағаға қорытылған оқушылар жайлы пән мұғалімдері ақпарат берді.

Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы 2024-2025 ж.	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026 ж.
2А	24/10		67%
2Ә	23/14		48%
2Б	23/11		65%
3А	26/12	77%	62%
3Ә	25/11	40%	44%
3Б	26/12	58%	58%
3В	25/11	60%	60%
4А	30/16	76,6%	50%
4Ә	28/19	64%	57%
4Б	29/12	62%	52%

Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы 2024-2025	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026
5А	24/11	70%	66,6%
5Ә	24/15	66%	46%
5Б	21/8		28%
5В	18/10	61,1%	39%
6А	25/16	72%	44%
6Ә	21/13	71%	57%
6Б	23/14	43%	39%
6В	14/6	71%	43%
7А	27/14	52%	33%

7Ә	28/19	75%	71,4%
7Б	24/14	50%	46%
8А	22/15		36%
8Ә	25/15		48%
8Б	21/8		24%
9А	25/14	44%	60%
9Ә	21/11	24%	38%

Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы 2024-2025	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026	Динамика
10А	25/17		52%	
10Ә	23/15	35%	52%	
11А	24/14		63%	
11Ә	23/13		70%	

I тоқсан бойынша БЖБ және ТЖБ жұмыстарының орындалысын бақылау туралы тоқталып өтті.

Мақсаты:

1-тоқсанға бекітілген кесте негізінде мектепте өткізілген бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуын бақылау, бағалау талаптарының сақталуын тексеру және білім алушылардың оқу жетістіктеріне талдау жасау.

2025–2026 оқу жылының 1-тоқсанында мектептің оқу-тәрбие жоспарына және бекітілген бағалау кестесіне сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау мақсатында бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізілді.

Бақылау барысында БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының бекітілген кестеге сәйкес уақытында алынуы, тапсырмалардың оқу бағдарламасына сәйкестігі, бағалау критерийлері мен дескрипторлардың дұрыс қолданылуы назарға алынды.

Мониторинг нәтижесінде барлық пән мұғалімдері БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын белгіленген мерзімде өткізгені анықталды. Бағалау нәтижелері электронды журналға уақытылы қойылып, кері байланыс берілген. Құжаттамаларды рәсімдеу талапқа сай жүргізілген.

Жекелеген пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінде орташа көрсеткіш байқалды. Кейбір сыныптарда оқу материалын меңгеру деңгейін арттыру мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі анықталды.

Қорытындылай келе, 1-тоқсан бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының орындалуы бекітілген кестеге сәйкес, нормативтік талаптар деңгейінде жүзеге асырылды.

Күн тәртібінде белгіленген екінші мәселеге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.М.Сахариева тоқталды. Мектеп бойынша «Алтын белгіге» үміткерлер жоқ екендігін айтып, 11 сынып оқушыларынан үш

оқушы, 9 сыныптан бір оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер болып келе жатыр. Бұл оқушылардың тиісті құжаттары зерделеніп, пән мұғалімдерімен әңгіме жүргізілді. Барлық үміткер оқушылар бақылауға алынып, білім сапалары қадағаланып, қосымша жұмыстар жүргізілу керектігі айтылды.

Күн тәртібінде белгіленген төртінші мәселе бойынша директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Г.Абил мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Мусаханова оқу-тәрбие жұмысы бойынша І тоқсанда атқарылған іс-шараларға толық талдау жасап кетті. Сонымен қатар, педагогтер мен оқушылардың қатысқан байқаулары мен сайыстарының нәтижелеріне тоқталды. Ағымдағы оқу жылы ішінде мектеп ұжымы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және дарынды балаларды анықтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізді.

Жеткен жетістіктері бойынша талдау жасалды. Мектеп бойынша жалпы педагогтер барлық іс-шараларға уақтылы қатысып, белсенділік танытуда. Мектеп оқушылары жыл бойы қалалық және республикалық деңгейдегі түрлі пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқауларға белсенді қатысты.

Атап айтсақ:

- «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңіне 3–6 сынып оқушылары қатысып, нәтижесінде бірқатар оқушылар қалалық кезеңге жолдама алды.
- Дебаттық қозғалыс бойынша да жетістіктеріміз бар: Токшыманов А. 1-орын иеленіп, ал «Келешек» дебат клубының командасы 2-орын алды.
- «Ақберен» республикалық өнер байқауының қалалық кезеңінде бірнеше оқушымыз жүлделі орындарға ие болды: 2 оқушы – 2-орын, қалғандары – сертификат иегерлері.
- «Менің шағын Отаным» интеллектуалды конкурсында және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» атты тарихи байқауда да оқушыларымыз 2 және 3 орындарды иеленді.
- Сонымен қатар, оқушылар «Зерделі ұрпақ», қаржылық сауаттылық, және сыни ойлау мен философия бағытындағы республикалық олимпиадаларда белсенділік танытып, қалалық кезеңге жолдама алды.

Бұл нәтижелер – оқушыларымыздың ізденісі мен ұстаздардың еңбегінің нақты көрсеткіші.

Мұғалімдердің жетістіктеріне тоқталатын болсақ:

Мұғалімдеріміз де биыл кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді:

- Мықтыбек А.Ж. – «Үздік дене шынықтыру педагогі -2025» байқауында 3 орын иегері;
- Құрлыс М.Е. – облыстық «Үздік бейнесабақ-2025» және «Үздік тарихшы – 2025» байқауларына қатысып, 3 орын иеленді;

- Макажанов Қ.Т. – «Жыл мұғалімі-2025» қалалық байқауында Бас жүлде иегері атанды;
- Бастауыш сынып мұғалімдері Болтайханова Т.Ж., Пшенбаева Ж.К., Исабаева А.Т., Жакупова Ә.Т. республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасында 1 және 2 орындарға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.

Бұл көрсеткіштер мектеп ұжымының кәсіби біліктілігі мен шығармашылық ізденісінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп психологі Г.Балмаганбетова мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқыту бойынша жұмыстарға тоқталып өтті. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушылармен жұмыс — қазіргі инклюзивті білім берудің маңызды бағыты. Мұндай оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімдер жүйелі және кешенді тәсіл қолдануы қажет. Бүгінгі күні мектебімізде қыркүйек айында жалпы ерекше білімді қажет ететін 20 оқушы бар. Оқыту және тәрбиелеу, педагогикалық-психологиялық ұсынымдар бойынша арнайы психологиялық – педагогикалық қолдау дефектологпен 9 бала, логопедпен 19 бала, психологпен 1 бала жұмыс жасап жатыр.

Қыркүйек айында психологиялық - педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды.

Педагогикалық психологиялық қолдау мамандары оқуда қиындықтары бар балаларды анықтауға диагностикалық жұмыс жүргізіп, оқушыларды қадағалау мақсатында жеке жоспарға сәйкес сабақтан тыс уақытта түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастырады.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен мамандармен бекітілген кестемен жоспар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқушылардың диагнозына байланысты оқу жоспарлары анықталып, сабақ кестесі құрылып, оқу жылының басында бекітілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Білім сапасын төмен көрсеткен 2Ә, 3А, 4А сыныптарына әдістемелік көмек көрсету, жеке жұмыс жүргізу, бақылауға алу.
2. Төмен көрсеткіш көрсеткен 8 Б сыныбында пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмысына талдау жасау. Білім сапасын көтеру жоспарын әзірлеп, ата-аналармен бірлескен жұмыс ұйымдастыру.
3. БЖБ нәтижелері бойынша әлсіз тұстарға талдау жасалып, қосымша тапсырмалар ұйымдастырылсын
4. Оқушылар мен ата-аналарды әлеуметтік жобаларға тарту. Тәртіпке жауапкершілікпен қарау, алдын -алу шараларын ұйымдастыру.

6. Үй жағдайында оқу мен түзету жұмыстарына ата-аналарды тарту.
«Мұғалім – ата-ана – маман» үштік өзара әрекетін жүйелі жүргізу.

Хатшы:



Д.Кәкітай

Педагогтердің тізімі

Манатаева Гульзада Мукатаевна
Сахариева Мадина Мукановна
Жуматова Индира Жанатқызы
Абил Гулжанат Төлеукадыровна
Мусаханова Дидар Жанатқызы
Имангалиева Жанылган Муратовна
Болеген Жанболат
Есмахан Сая Қаскырбайқызы
Кенесова Гулдана Тлеубергенқызы
Абишова Мадина Шотбайқызы
Спатаева Шырак Сагындыковна
Курлыс Марал Ержановна
Мерейхан Гулжайнар
Керімбек Мейрамбек Әлкудаұлы
Теміргалы Есбатыр Ерболұлы
Тіллабек Азат Талғатұлы
Эрдэнэбат Гулжайна
Айтбекова Инабат Дүйсенғалиқызы
Жунусова Айнур Талгатовна
Аймакова Асемай Рустемовна
Қанат Гүлім
Әбілда Ақбаян Базарбекқызы
Дихан Хақназар Талғатұлы
Макажанов Канат Танырбергенович
Сайлау Әділет Жүсіпбекұлы
Сауғанбаев Құралбек
Қабиден Ерасыл Тайтолеуұлы
Мықтыбек Айдана Жұмағалиқызы
Рахимбеков Шалкар Рахманұлы
Шаймерден Асел Жасұланқызы
Балтабай Мөлдір Серғазықызы
Дүйсенбекова Әсем Русланқызы
Исабаева Айман Тұрсымбековна
Керейбаева Асел Алимжановна
Саметова Бакшагуль Талгатовна
Болтайханова Таншолпан Жадырабекқызы
Бекзатқызы Айша
Жолдасбаева Асемгуль Ариевна

Ынтыкбаева Каршыга Советказыевна
Кыстаубаева Эльмира Орынкулкызы
Жабагтаева Фариза Калиаскаровна
Көкіш Сәния Жұмабекқызы
Одақбай Елдар
Шарипова Гүлнур Баймбеткызы
Сатмаганбетова Сания Ногметуллаевна
Пшенбаева Жібек Казкеновна
Сағынтай Айткүл Болаткызы
Балмаганбетова Гүлназ Есимхановна
Жакупова Әсем Тулендіқызы
Сағынтаева Дамира Болаткызы
Амирбаева Акмарал Руслановна
Смайлова Гүлбакыт Жасымбековна
Калибеков Омирали Сагиндыкович
Сәтбек Саламат
Сауриков Олжас Аманкулулы
Абикенова Гулшат Ахметова
Амантай Ерсұлтан